

**«ТұранӘлем Банкі» Акционерлік қоғамының
еншілес ұйымы - «Темірбанк» акционерлік
қоғамының
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРУ
ШАРТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР
(«ТЕМІРБАНК» АҚ)**

Шығарылымның реттік нөмірі: 2

Шығарылым көлемі: 5.900.000 АҚШ доллары

Номиналы: 100 АҚШ доллары

Саны: 59.000 дана

Шығарылым нысаны: құжат берілмейді

Алматы қаласы, 2008 жыл

2006 жылғы 15 желтоқсандағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі (2006 жылғы 15 желтоқсандағы №15 хаттама), 2007 жылғы 2 наурыздағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі (2007 жылғы 2 наурыздағы №16 хаттама), 2007 жылғы 26 сәуіріндегі акционерлердің жылғы жалпы жиналысы шешімінің негізінде (2007 жылғы 26 сәуіріндегі № 17 хаттама), 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Директорлар кеңесі отырысының шешімі (2006 жылғы 15 желтоқсандағы хаттама) 2007 жылғы 11 маусымдағы Директорлар кеңесі мүшелерінің жабық дауыс беру қорытындылары бойынша шешім, 2007 жылғы 07 қарашадағы Директорлар кеңесі мүшелерінің жабық дауыс беру қорытындылары бойынша шешім, 2007 жылғы 13 маусымдағы Директорлар кеңесі мүшелерінің жабық дауыс беру қорытындылары бойынша шешім, 2008 жылғы 11 наурыздағы Директорлар кеңесі мүшелерінің жабық дауыс беру қорытындылары бойынша шешім негізінде “Темірбанк” АҚ-ның 2 облигациялар анықтамалығына мынадай өзгертулер енгізілсін:

1. I бөлімін мынадай редакцияда жазылсын:

I. ЭМИТЕНТ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

2. Эмитенттің атауы

	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Толық атауы	«ТұранӘлем Банкі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы - «Темірбанк» акционерлік қоғамы	Дочерняя организация Акционерного общества «Банк ТуранАлем» - Акционерное общество «Темірбанк»	«Temirbank» Joint Stock Company, Subsidiary of «TuranAlem Bank» Joint Stock Company
Қысқартылған атауы	"Темірбанк" АҚ	АО "Темірбанк"	JSC "Temirbank"

24.08.2007ж.- "ТұранӘлемБанкі" Акционерлік қоғамының еншілес ұйымы – "Темірбанк" акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы: «Темірбанк» АҚ.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Эмитенттің мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні	Эмитенттің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік номері	Оның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) жүзеге асырған органның атауы
24 тамыз 2007 жыл	4814-1900-АҚ	ҚР Әділет министрлігі

4. Салық төлеушінің тіркеу номері

600 700 053 750

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірлері, электронды поштасының мекен-жайы

050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 68/74

телефоны: 587 888, 587 831, факс 506 241, 587 832;

E-mail: board@temirbank.kz

6. Эмитенттің банктік деректемелері

Корр/шот № 700 161 180 ҚР ҰБ МОЕБ,
БИК 190 501 780, SWIFT: JSRBKZKA

7. Эмитенттің қызмет түрлері

- Банк қызметі

8. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері немесе Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер. Егер эмитентке қаржылық агенттік мәртебесі берілген болса, уәкілетті органның қаулысының күнін, номерін көрсету қажет.

Халықаралық рейтинг агенттіктерімен Эмитентке келесі рейтингтер берілген:

Fitch Ratings, қараша 2005 жыл	
Ұзақ мерзімді	B-
Қысқа мерзімді	B
Жекеше	D/E
Қолдау рейтингі	5
Ұзақ мерзімді рейтинг болжамы	Жағымды

Moody's Investor Service, желтоқсан 2004 жыл	
Ұзақ мерзімді	B1
Қысқа мерзімді	N/P (Not Prime)
Қаржылық тұрақтылық рейтингі	E+
Рейтингтер бойынша болжам	Тұрақты

Сомасы 150 миллион АҚШ доллар 9.25% жылдық купоны бар және айналым мерзімі үш жыл еврооблигациялардың тұңғыш шығарылымына Fitch Ratings және Moody's Investors Services халықаралық рейтинг агенттіктері сәйкесінше B- және B1 рейтингтерін берді. Шығарылым эмитенттің еншілес компаниясы Temir Capital B.V. (Нидерланды) арқылы жүзеге асырылды.

Қаржылық агенттік мәртебесі эмитентке берілген жоқ.

9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері, пошталық мекен-жайлары

Эмитенттің Москва қаласында (Ресей) өкілдігі бар:

Пошталық мекен-жайы - Ресей, 105062, Москва, Покровка к-сі, 42-үй, 5-5а құр.;

Тіркелген күні – 07 наурыз 2002 жыл (№ 11618).

10. Эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асырушы) аудиторлық ұйымның сәйкес коллегияларға (қауымдастық, палата) мүшелігін көрсете отыра, толық ресми атауы (аудитордың толық аты-жөні).

"Делойт и Туш" Жауапкершілігі шектеулі серіктестік – Қазақстандағы Америкалық сауда палатасының, «Қазақстан қаржышылар қауымдастығы» ЗТБ, Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасының, Қазақстан қауымдастығының Еуропалық бизнесінің мүшесі.

Сәйкес қызметтер көрсетуге шарттар бекітілген, заң және қаржылық мәселелер жөніндегі консультанттардың сәйкес коллегияларға (қауымдастық, палаталарға) мүшелігін көрсете отырып, толық ресми атауы.

"Первый Брокерский Дом" Акционерлік қоғамы – эмитенттің облигациялық бағдарламасын шығару және орналастыру мәселесі бойынша қаржылық консультант ("Қазақстан қаржышылар қауымдастығы" ЗТБ мүшесі).

11. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (егер оны қабылдау эмитент жарғысымен қарастырылған болса)

Корпоративті басқару кодексі Эмитент акционерлерінің Жалпы жиналысында 10 ақпан 2006 жылы қабылданды және бекітілді.

2. Банктің екінші шығарылым облигацияларын шығару шарттары I-I бөліммен толықтырылып, мынадай редакцияда жазылсын:

I-I. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.

- Эмитенттің жоғарғы органы – Акционерлердің Жалпы жиналысы;
- Басқару органы - Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган – Басқарма.

Эмитенттің ішкі құжаттарына, жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құзіреті:

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ	Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатады: <ol style="list-style-type: none">1) Эмитент Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;2) Эмитенттің ерікті қайта құрылуы және таратылуы;3) Эмитенттің жарияланған акциялары санының өзгеруі туралы шешім қабылдау;4) Санақ комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;5) Эмитент Директорлары Кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін тағайындау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу шарты мен мөлшерін анықтау;6) Эмитент аудитын жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды тағайындау;7) Жылдық қаржылық есепті бекіту;8) Есепті қаржылық жыл үшін Эмитенттің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Эмитенттің бір жай акциясына шаққанда жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;9) ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайлар түскенде Эмитенттің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;10) Активтер Банкіне тиесілі барлығының 25 немесе одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін өткізу арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Эмитенттің қатысуы туралы шешім қабылдау;11) Эмитенттің ірі мәмілелерді және Банктің қызығушылығы бар мәмілелерді бекітуі туралы шешім қабылдау;12) Эмитенттің меншікті капиталының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Эмитенттің міндеттілігін ұлғайту туралы шешім
--	--

	<p>кабылдау;</p> <p>13) Банктің акционерлерді Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту туралы мәміле формасын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;</p> <p>14) Банктің акцияларды сатып алуы кезінде бағалы қағаздардың нарығы туралы заңнамаға сәйкес олардың құнын анықтау әдістемесі;</p> <p>15) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;</p> <p>16) Эмитент қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін анықтау, сонымен қатар, егер мұндай тәртіп қоғам Жарғысымен анықталмаған боласа, баспасөз басылымын анықтау;</p> <p>17) «алтын акцияны» енгізу және жою;</p> <p>18) заңнамалық актілермен және Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше уәкілеттігіне жатқызылған басқа да мәселелерді шешу.</p>
<p>ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ</p>	<p>Эмитенттің Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитент қызметінің басыңқы бағыттарын айқындау; 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау; 3) Эмитенттің акцияларын орналастыру және жарияланған акциялар саны шегінде оларды орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау; 4) Банкпен орналастырылған акциялар және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау; 5) Эмитенттің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту; 6) Есепті қаржылық жыл үшін төленетін дивидендтерден басқа, бір жай акцияға дивиденд мөлшерін анықтау және жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау; 7) Эмитенттің туынды бағалы қағаздары мен облигациялар шығару шарттарын анықтау; 8) Эмитент Басқармасының сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; 9) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбек ақы төлеу және сыйақы беру шартын және лауазымдық еңбек ақы мөлшерін анықтау; 10) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оларға сыйақы беру және еңбек ақы төлеу шарттары мен мөлшерін анықтау; 11) Бағалаушы және аудиторлық ұйым қызметінің төлем мөлшерін анықтау; 12) Эмитенттің резерв капиталын пайдалану тәртібін анықтау; 13) Эмитенттің ішкі қызметін реттеуші құжаттарды бекіту (Эмитент қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттардан басқа); 14) Эмитент филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту; 15) Эмитенттің басқа ұйымдар құруы және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау; 16) Эмитенттің меншікті капиталының он және одан көп пайызын құрайтын мөлшерге оның міндеттілігін ұлғайту; 17) Бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда, Эмитент тіркеушісін таңдау; 18) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын, Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау; 19) Ірі мәмілелерді және Банктің қызығушылығы бар мәмілелерді бекітуі туралы шешім қабылдау; 20) Банк қызметін атқару кезінде Эмитенттің тәуекелін басқару мақсатында Директорлар Комитеті жанында жұмыс органдарын (кредиттік комитет, активтер мен пассивтер комитеті, аудиторлық комитет және т.б.) құру туралы шешім қабылдау; 21) Банктік операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді бекіту; 22) Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше уәкілеттігіне жатқызылмаған, Жарғымен қарастырылған басқа да мәселелер.
<p>БАСҚАРМА</p>	<p>Басқарма ерекше құзіретіне келесі мәселелер мен уәкілеттіктер жатады :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитент мақсаттарына жетуге бағытталған шешімдерді қабылдау, акционерлердің Жалпы жиналысы мен Эмитент Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау; 2) Бекітілуі Директорлар кеңесінің уәкілеттігіне жатқызылмаған, Эмитенттің

	<p>ішкі құжаттарын, Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері туралы Ережелерді заңмен белгіленген тәртіпте жасау және бекіту;</p> <p>3) Құрылымдық бөлімшелердің басшыларын тағайындау және қызметінен босату, Эмитент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқамаларын бекіту;</p> <p>4) Эмитентті қаржыландыру әдістері туралы мәселелерді шешу;</p> <p>5) Жалпы жиналыс және Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне жатқызылғандардан басқа, Эмитент қызметінің басқа да мәселелерін шешу.</p>
--	---

13. Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері.

Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөндері, туған жылдары	Директорлар кеңесі мүшелерінің соңғы 3 жылда атқарған және қазіргі кезде атқаратын қызметтері, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде қос қызметтілігі бойынша	Директорлар кеңесі мүшелеріне жататын акциялардың акционерлік қоғамның орналастырған акцияларының жалпы санына шаққандағы пайыздық салмағы	Еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесі мүшелеріне жататын акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестерінің) осы ұйымдардың жариялаған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлестерінің) жалпы санына шаққандағы пайыздық салмағы
Юлдашев Мұрат Машрапұлы Директорлар кеңесінің төрағасы 1961 ж.т.	12.2000ж. - 06.2005ж. "Ипотека ТӘБ" АҚ Президенті; 06.2005ж. – 15.12.2006ж. "Темірбанк" АҚ Басқарма төрағасы	Жоқ	Жоқ
Баттақов Азат Дуантайұлы 1958 ж.т.	09.99 -10.05ж. – басқарушы директор, “ТұранӘлем Банкі” АҚ Басқарма мүшесі	Жоқ	Жоқ
Солодченко Роман Владимирович 1965 ж.т.	27.04.2004 – 14.06.2005ж. Алматы қ. "ING Bank" Өкілдігінің басшысы; 15.06.2005 – о.у.д. “ТұранӘлем Банкі” АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі, Қаржы директоры, “ТұранӘлем Банкі” АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі	Жоқ	Жоқ
Жәрімбетов Жақсылық Дайрабайұлы 1967 ж.т.	2003-2005 жж. – «Красноярсккрайуголь»ААҚ Президенті, 2005-2006 жж.– “ТұранӘлем Банкі” АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 2006 ж. – о.у.д.. “ТұранӘлем Банкі” АҚ Басқарма төрағасының орынбасары	Жоқ	Жоқ
Жатқанбаев Ержан Байғұжаұлы Тәуелсіз директор 1944 ж.т.	2001- 2005 қыркүйек әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, халықаралық қатынастар факультетінің деканы; 2005 ж.қыркүйегі – о.у.д. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық	Жоқ	Жоқ

	Университеті, Экономика және бизнес факультетінің деканы;		
Иохан Хендрик ван Фаверен Тәуелсіз директор 1956 ж.т.	05.02 – 03.04 тәуелсіз өндіріс кеңесшісі, Алматы, Қазақстан; 03.04 - 07.05 Ұлттық Инвестициялық Қор төрағасының орынбасары (ҰИК), Алматы, Қазақстан; 08.05 – о.у.д. тәуелсіз өндіріс кеңесшісі, Алматы, Қазақстан	Жоқ	Жоқ

Соңғы екі жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамында болған өзгерістердің хронологиясы және оның себептері:

2004 жылғы 30 сәуірде акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланған Директорлар кеңесінің – О.А.Кононенконың, С.М.Пасельниктің, Д.Т.Үсеновтің, М.К.Кунакуновтың, В.Г.Кимнің өкілеттіктері 2005 жылғы 29 сәуірдегі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен тоқтатылған.

2005 жылғы 29 сәуірдегі Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің құрамына мыналар сайланды: О.А. Кононенко, Е.К. Тазабеков, Т.Е.Тұрымбаев, Д.Х.Шибұтов, Б.Ө.Құлатаев.

2005 жылғы 30 қарашадағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Т. Е. Тұрымбаевтың, О.А.Кононенконың және Д.Х.Шибұтовтың өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуларына байланысты Директорлар кеңесіне Жатқанбаев Е.Б. (тәуелсіз директор ретінде), Жандаулет Т.Б., М.А. Жақсыбековтер сайланды.

2006 жылғы 08 қыркүйектегі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Директорлар кеңесіне Т.Б.Жандәулеттің орнына К.К.Абайдуллаев сайланды (негізі: өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы арыз).

2006 жылғы 19 қыркүйекте М.А.Жақсыбеков Директорлар кеңесінің құрамынан шығады (негізі: өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы арыз).

Б.Ө.Құлатаевтың, К.К.Абайдуллаевтың, Е.К.Тазабековтың өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Директорлар кеңесіне берген арыздары негізінде 2006 жылдың 15 желтоқсанынан бастап олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттіктері тоқтатылады.

2006 жылғы 15 желтоқсандағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің сандық құрамы 6 адамға көбейді. Директорлар кеңесінің құрамына М.М.Юлдашев, Р.В.Солодченко, А.Д.Баттақов, Г.О.Тілеуқұлова және Йохан фон Фаверен (тәуелсіз директор ретінде) сайланды.

2007 жылғы 02 наурыздағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Директорлар кеңесіне Г.О.Тілеуқұлованың орнына Жақсылық Дайрабайұлы Жәрімбетов сайланды (негізі: өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы арыз).

14. Эмитенттің атқарушы органы

Акционерлік қоғамның атқарушы органы мүшесінің аты-жөні, туған жылы	Соңғы 3 жылда атқарған және қазіргі кезде атқаратын қызметтері, оның ішінде қос қызметтілігі бойынша	Акционерлік қоғам атқарушы органының мүшесіне жататын акциялардың акционерлік қоғамның орналастырған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлестерінің) жалпы санына шаққандағы
--	---	---

		пайыздық салмағы
Кебиров Аблахат Алякимұлы 1973 ж.т.	15.12.2006- о.у.д. Басқарма төрағасы; 2005 маусым –15.12.2006 –"Темірбанк" АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі; 2004- 2005 маусым –"КПМГ Жанат" ЖШС аудит жөніндегі аға менеджері; 2002-2004жж. –"Эрнст энд Янг Казахстан" ЖШС аудит жөніндегі менеджері.	Жоқ
Құлатаев Бахытжан Өскенбайұлы 1973 ж.т.	15.12.2006 – о.у.д. «Темірбанк» АҚ Басқарма мүшесі, 29.04.2005 ж. –15.12.2006 ж. – «Темірбанк» АҚ Басқарма төрағасы; 05.01.2005 ж. – 29.04.2005 ж. – «Темірбанк» АҚ Басқарушы директоры, 01.07.2004ж.- 14.01.2005 ж. – Д.А.Қонаев атындағы Зейнетақы Қорының Басқарма төрағасы; 1999-2004жж. –"Темірбанк" АҚ, Құнды қағаздар Басқармасының бастығы, Басқарма төрағасының кеңесшісі.	Жоқ
Ниетқалиев Серік Жұбатқанұлы 1962 ж.т.	2003 ж. тамыз. – о.у.д. «Темірбанк» АҚ Басқарма мүшесі, 2001-2003жж. Басқарушы Директор, "Темірбанк" АҚ Басқарма мүшесі,	0,0001%
Мұқатаев Айдос Оразұлы 1977 ж.т.	06.2007 – о.у.д. "Темірбанк" АҚ Басқарма мүшесі. 1999-2007 – "ТұранӘлемБанкі" АҚ, стажер, Банкир, Аға банкир, Бөлім бастығы, Басқарма бастығының орынбасары, Директордың орынбасары, Астана қ. Филиал директоры	Жоқ
Шәйкенов Ержан Блоқұлы 1978 ж.т.	03.2008 – о.к.д. "Темірбанк" АҚ Басқарма мүшесі 09.2006 – 03.2008 жж. "Темірбанк" АҚ Басқарушы директоры 03.2006-09.2006 ж. Сату департаментінің директоры 2005-03.2006 жж. "Ромат" ФК ЖШС Қаржы бойынша Вице президенті	Жоқ
Құсайынов Ерұлан Айташұлы 1976 ж.т.	03.2008 – о.к.д. "Темірбанк" АҚ Басқарма мүшесі 09.2006 – 03.2008 жж. "Темірбанк" АҚ Басқарушы директоры 08.2006-09.2006 ж. "Темірбанк" АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі 2004-2006 жж. "Банк Каспийский" АҚ Астана қ. филиалының директоры.	Жоқ

15. Егер эмитенттің атқарушы органының уәкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілетін болса

Бұл тармақ акционерлік қоғамдармен толтырылмайды.

16. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

2007 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша Банк қызметкерлерінің, оның ішінде Банк филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны 2 708 адамды құрайды.

2007 жылдың 1 мамырындағы Банктің ұйымдық құрылымы шығарылым анықтамалы-ғының 1 қосымшасында берілген.

№ р/с	Филиалдың/өкілдіктің атауы	Тіркеу/қайта тіркеу күні	Мекен-жайы
1.	Астана қ. филиал	№ 119-1901-ф-л 2004 ж.08 маусым	010011 Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 25
2.	Ақтөбе қ. Филиал	№ 137-1904-ф-л 2004ж. 24 мамыр	030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би көшесі, 24
3.	Алматы қ. Филиал	№ 135 –1910-ф-л 2004ж. 06 шілде	050008, Алматы қ.,
4.	Атырау қ. Филиал	№ 114-1915-ф-л 2004 ж.04 маусым	060005, Атырау қ., Азаттық даңғылы, 99
5.	Қарағанды қ. Филиал	№ 1565-1930-ф-л 2004 ж.11 маусым	100000, Қарағанды қ., Ерубәев көшесі, 39
6.	Көкшетау қ. Филиал	№ 386-1902-ф-л 2004 ж.28 мамыр	020000, Көкшетау қ., Абай көшесі, 173
7.	Қостанай қ. Филиал	№ 164-1937-ф-л 2004 ж.01 маусым	110000, Қостанай қ., Таран көшесі, 83
8.	Павлодар қ. Филиал	№ 97-1945-ф-л 2004 ж.10 маусым	140000, Павлодар қ., Ак. Сәтпаев көшесі, 46
9.	Петропавл қ., филиал	№ 35-1948-ф-л 2004 ж.04 маусым.	150001, Петропавл қ., Сәтпаев көшесі, 17
10.	Семей қ. Филиал	№ 1356-1917 ф-л 2004 ж.28 мамыр	071400, Семей қ., Ленин көшесі, 32
11.	Орал қ. Филиал	№ 75-1926-ф-л 2004 ж.26 мамыр	090000, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 185/1
12.	Өскемен қ. Филиал	№ 127-1917-ф-л 2004 ж.18 маусым	070004, г. Өскемен қ., М.Горький көшесі, 21
13.	Шымкент қ. Филиал	№ 110-1958-ф-л 2004 ж.04 маусым	160000, Шымкент, қ. Қонаев бульвары, н/ж, Г.Ильяев қиылысы
14.	Щучинск қ. Филиал	№ 405-1902-ф-л 2004 ж.09 маусым	021700, Щучинск қ., Вокзальная көшесі, 16
15.	Екібастұз қ. Филиал	№ 101-1945-ф-л 2004 ж.08 маусым.	141200, Екібастұз қ., Ауэзов көшесі, 81Б
16.	Өтеген батыр п. Филиал	№29-1907-04-ф-л 2006 ж.25 сәуір	141200, Өтеген батыр п., Титов көшесі, 10
17.	Тараз қ. Филиал	№ 1894-1919-ф-л 2006 ж.04 мамыр	080012, Тараз қ., Қазыбек би көшесі, 109А
18.	Жезқазған қ. Филиал	№ 58-1930-26-ф-л 2006 ж.07 қараша	100600, Жезқазған қ., Бейбітшілік д-лы, 23А
19.	Ақтау қ. Филиал	№ 1314-1943-ф-л 2006 ж.12 желтоқсан	130000, Ақтау қ., 5 ы/а, 1 үй,
20.	Қызылорда қ. Филиал	№1244-1933-ф-л 2007 ж. 29 наурыз	120014, Қызылорда қ., Сүлейменов көш.,70
21.	Каскелен қ. Филиал	№ 34-1907-ф-л 2007ж. 05 шілде	040900, Каскелен қ., Наурызбай көш., 25
22.	Мәскеу қ. “Темірбанк” АҚ өкілдігі (Ресей)	№ 11618 2002 ж. 07 наурыз	Ресей, 105062, Мәскеу қ., Покровка көшесі, 42 үй, стр. 5-5а

Банк бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер

Корпоративтік бизнес департаменті	Ильясов Бахтияр Әбдінұрұлы	1978 ж.т.
Өнім менеджерлері дирекциясы:		
- Жылжымайтын мүлік жөніндегі атқарушы директор	-	-
-Депозиттер жөніндегі атқарушы директор	-	-
Авто, тұтыну несиелері жөніндегі атқарушы директор	Исина Сәуле Нұрланқызы	1970 ж.т.
-Транзакциялар жөніндегі атқарушы директор	Базылова Ажар Қуанышқызы	1968 ж.т.
Сағу арналарын дамыту дирекциясы:		
- фил.жүйелерін дамыту жөн.атқарушы директор	Шибатов Дамир Хажмуратұлы	1978 ж.т.
-агент.,делдал.,сауда желісі атқарушы директоры	Табылды Дінмұхамед Бахытжанұлы	1980 ж.т.
Карточка бизнесі мен электрондық банкинг жөніндегі атқарушы директор	Абдуллин Эльдар Искандерович	1976 ж.т.
Карточка бизнесін дамыту басқармасы	Бейсенов Әлібек Пернебекұлы	1971 ж.т.
Карточка бизнесіне қызмет көрсету басқармасы	Кожаметова Лейла Кеңесбайқызы	1967 ж.т.
Бөлшек бизнеске қызмет көрсету басқармасы	Рудакова Валентина Александровна	1955 ж.т.
ХТЖ-мен өзара әрекет басқармасы	Құдаров Ақдәулет Бөкейханұлы	1977 ж.т..
Заң департаменті	Молчанова Елена Геннадьевна	1964 ж.т.
Қауіпсіздік департаменті	Уканов Қазыбек Шайпанұлы	1956 ж.т.
Қаржылық талдау және жоспарлау басқармасы	Ардьян Сергей Анатольевич	1967 ж.т.
Кепілдіктер департаменті	Жукова Ольга Игоревна	1972 ж.т.
Қызметкерлерді басқару жөніндегі департамент	Түркпенова Сауле Жолмұханқызы	1968 ж.т.
Қаржы институттары басқармасы		
Корр.қарым-қатынастар мен халықаралық қор жинау бөлімі	Черкешева Дана Сабрхановна	1984 ж.т.
Ішкі аудит департаменті	Бабичев Дмитрий Юрьевич	1981 ж.т.
Әкімшілік-шаруашылық департаменті	Халина Татьяна Владимировна	1975 ж.т.
Кастодиалдық қызмет көрсету басқармасы	-	-
Жарнама және жұртшылықпен байланыс басқармасы	-	-
Қазынашылық департаменті	Алишев Асхат Азаматович	1984 ж.т.
Ақпараттық технологиялар департаменті	Фролов Владимир Викторович	1954 ж.т.
Әкімшілік, несие операцияларын кейіннен бақылау және мониторинг басқармасы	Жармышев Нұрлан Төлешұлы	1968 ж.т.
Тәуекелдік департаменті	Баймұқанова Ғазиза Жолдасханқызы	1966 ж.т.
Дамыту департаменті	Жандәулет Талғат Болатұлы	1972 ж.т.
Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті	Абдраева Халича Хаджинұрқызы	1950 ж.т..
Проблемалы несиелермен жұмыс департаменті	Молдахметов Мансур Серикович	1974 ж.т.
Капиталмен жұмыс басқарма	Дүйсембеков Амангелді Күмісбекұлы	1974 ж.т.
Комплаенс –бақылау басқармасы	Тасмағамбетова Гаухар Юрьевна	1969 ж.т.
Саудалық қаржыландыру басқармасы	Муратова Зульфия Анваровна	1979 ж.т.

Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер

№ р/с	Филиал/өкілдіктердің атауы	Туған жылдары	Ф.И.О.
1.	Астана қ. Филиал	29.09.48 ж.	Мұқанова Сақып Асқарқызы
2.	Ақтөбе қ. Филиал	28.11.54 ж.	Тұяқова Мария Комрадинқызы
3.	Алматы қ. Филиал	22.03.70 ж.	Ермекбаев Асхан Әпеханұлы
4.	Атырау қ. Филиал	19.11.72 ж.	Құсаинов Берік Қуанышұлы

5.	Қарағанды қ. Филиал	11.06.71 ж.	Гончаров Александр Геннадьевич
6.	Көкшетау қ. Филиал	27.01.68 ж.	Әлиасқаров Арман Оспанқұлұлы
7.	Қостанай қ. Филиал	05.05.78 г.	Жиентаев Максұт Тулегенович
8.	Павлодар қ. Филиал	11.03.53 ж.	Қияқбаева Қадиша Шайдуллақызы
9.	Петропавл қ. Филиал	09.03.80 ж.	Қасенов Данияр Кабдуллаевич
10.	Семей қ. Филиал	24.09.65 ж.	Смағұлов Серік Мейрамғазыұлы
11.	Орал қ. Филиал	02.03.60 ж.	Салиева Әлия Өтемісқызы
12.	Өскемен қ. Филиал	07.09.53 ж.	Буренкова Валентина Васильевна
13.	Шымкент қ. Филиал	05.07.59 ж.	Сансызбаев Бауыржан Зұлпахарұлы
14.	Щучинск қ. Филиал	21.12.59 ж.	Қаржаспаев Мұрат Әлиасқарұлы
15.	Екібастұз қ. Филиал	29.09.51 ж.	Крыжановская Лилли Викторовна
16.	Жезқазған қ. Филиал	31.10.57 ж.	Шальтикова Кулайхан Музаровна
17.	Тараз қ. Филиал	25.09.58 ж.	Тасболатов Бижан Қапашұлы
18.	Ақтау қ. Филиал	19.07.81 ж.	Өрісбаев Аббат Жәңгірханұлы
19.	Өтеген батыр п. Филиал	22.03.75 ж.	Ким Андрей Борисович
20.	Қызылорда қ. Филиал	08.11.69 ж.	Алдамжаров Нұрлан Амантайұлы
21.	Қаскелен қ. Филиал	05.11.84 ж.	Данилова Анна Михайловна
22.	"Темірбанк" АҚ Мәскеу қ. өкілдігі	-	-

3. Банктің екінші шығарылым облигацияларын шығару шарттары I-II бөліммен толықтырылып, мынадай редакцияда жазылсын:

I-II. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ЖӘНЕ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ

17. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)

Банк акционерлерінің жалпы саны тәуелсіз тіркеуші ұсынған акция иеденушілері тізілімінің үзінді көшірмесіне сәйкес 26 043 иеленушілерді құрайды;

10 және одан да көп акцияларға ие акционердің атауы (заңды тұлғаның) немесе (жеке тұлғаның) аты-жөні мен туған жылы	Орналасқан жері	Жарғылық капиталдағы үлесі
“Құнды қағаздардың орталық депозитарийі” АҚ (НД)	Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 67	57,35
“ТұранӘлем Банкі” АҚ	Алматы қ., «Самал-2» ы/а., Жолдасбеков көшесі, 97	41,52

2007 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша “Темірбанк” АҚ-да эмитент қызметін басқа ұйымдар арқылы бақылау құқы бар, акционер (қатысушы) болып табылмайтын тұлғалар жоқ.

Банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайыздарына тікелей немесе жанама ие, және банктің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайыздарымен тікелей немесе жанама дауыс беру не банк қабылдайтын шешімге әсер ету мүмкіндігі бар акционер болып “ТұранӘлемБанк” АҚ табылады.

4. Банктің екінші шығарылым облигацияларын шығару шарттары I-III бөліммен толықтырылып, мынадай редакцияда жазылсын:

I-III БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.

Эмитенттің барлық тіркелген эмиссиялық құнды қағаздарының шығарылымына қатысты мыналар көрсетіледі:

1) Әрбір шығарылған облигацияның жалпы саны, түрі және атаулы құны, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны, сондай-ақ орналастыру кезінде жұмсалған ақшалардың жалпы мөлшері (атаулы құны бойынша), негізгі қарыз сомасы, әрбір шығарылым бойынша есептелген сома және төленген сыйақы, сатып алынған және өтелген күнін көрсете отырып, мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеуден өткен күні;

Осы тармақ бойынша мәліметтер №2 қосымшада берілген.

2) Құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны, түрі және атаулы құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде жұмсалған ақшалардың жалпы сомасы. Айналымдағы, сатып алынған, соңғы күндегі сатып алынған бағаны көрсете отырып, акциялардың саны. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеуден өткен күні;

Құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны – 4 601 дана (оның ішінде 4 200 артықшылықты акциялар және 401 жай акция).

Құрылтайшылар төлеген акциялар түрі – жай және артықшылықты.

Құрылтайшылар төлеген акциялардың атаулы құны – атаулы құны 1000 сомадағы артықшылықты акциялар және атаулы құны 100 000 сомасындағы жай акциялар;

Акцияларды орналастыру кезінде төленген ақшаның жалпы сомасы – 44 300 000 сом.

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша айналыстағы акциялар саны – орналастырылған акциялардың жалпы саны 22 209 076 дана, оның ішінде 17 209 076 жай акция (НИН KZ1P00260110)

Сатып алынған акциялар саны - 96 620 артықшылықты акция сатып алынды.

Соңғы күндегі сатып алу бағасы – бір артықшылықты акция үшін 1108,17 теңге.

Акцияны сатып алу әдістемесін бекіткен күн – 2006 жылғы 10 ақпан.

Шығарылым мем.тіркеу. өткізілг.күн	Мем.тіркеуді жүргізген орган	Мемтіркеу нөмірі	Эмиссия акцияларының саны		Атаулы құны	Жұмсалған сома
			жай	артық.		
26.04.96	ҚР-ның ҚҚ б/ша Ұлттық Комиссиясы	A0026-6	249 522	478	1000 теңге	250 000 000,00 теңге
27.06.97	ҚР-ның ҚҚ б/ша Ұлттық Комиссиясы	A0026-7	245 478	4 522	1000 теңге	250 000 000,00 теңге
23.02.98	ҚР-ның ҚҚ б/ша Ұлттық Комиссиясы	A0026-8	495 000	5 000	1000 теңге	500 000 000,00 теңге
29.07.99	ҚР-ның ҚҚ б/ша Ұлттық Комиссиясы	A0026-9	400 000	-	1000 теңге	420 000 000,00 теңге
17.09.02	ҚР-ның Ұлттық Банкі	A0026-10	2 300 000	-	1000 теңге	2 301 106 000,00 теңге
07.04.05.	ҚҚА	A0026	11 310 000	4 990 000	1000 теңге	16 282 254 018,38 теңге
25.03.07.	ҚҚА	A0026	80 000 000	-	-	9 940 842 000 теңге

Акцияларды алғашқы рет орналастырған кезде барлығы нақты 29 946 002 мың теңге жұмсалған және эмиссиялық табыс 21 113 мың теңге мөлшерінде.

3) Эмитенттердің құнды қағаз иелерінің алдында өз міндеттемелерін орындамағандығы облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу, (кешіктіріп төлеу), артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (кешіктіріп төлеу), орындалмаған міндеттемелердің шамасы және орындау мерзімі өтіп кеткендер туралы ақпаратты қоса, жөніндегі мәліметтер, құнды қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдар бойынша бөлек-бөлек).

Эмитенттердің құнды қағаз иелерінің алдында өз міндеттемелерін орындамағандығы, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу, (кешіктіріп төлеу), артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (кешіктіріп төлеу) жөнінде фактілер жоқ.

4) Құнды қағаздардың қандай да бір шығарылымы тоқтатылған немесе дәрменсіз деп танылған не жойылған жағдайда, осындай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, оның негізі және қабылдаған күні көрсетіледі.

1996 жылғы 26 сәуірде ҚР Құнды қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен акцияның 1-6 шығарылымдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шығарылым құрылымдарын сәйкестендіруге байланысты жойылды.

Құнды қағаздардың қолданыстағы қандай да бір шығарылымының тоқтатылғандығы немесе дәрменсіз деп танылғандығы не жойылғандығы туралы басқа жағдайлар жоқ.

5) Облигацияларды өтеу мерзімі және олар бойынша төлемдердің жалпы мөлшері

Осы тармақ бойынша мәліметтер №2 қосымшада берілген.

6) Соңғы екі қаржы жылындағы әрбір жыл немесе нақты қолданыста болған кезеңдер бойынша бір акция үшін (жай, артықшылықты) дивидендтер, есептелген дивидендтер мен төленген дивидендтердің сомасын көрсете отырып, мөлшері

жай акциялар

Қаржы жылы	Бір акция үшін дивиденд мөлшері	Есептелген дивидендтер сомасы	Төленген дивидендтер сомасы
2004	0 теңге	0 теңге	0 теңге
2005	0 теңге	0 теңге	0 теңге

артықшылықты акциялар

Қаржы жылы	Бір акция үшін дивиденд мөлшері	Есептелген дивидендтер сомасы	Төленген дивидендтер сомасы
2004	10 теңге	100 000, 00 теңге	85 000,00 теңге
2005	100 теңге	473 689 600,00 теңге	462 911 995,00 теңге

7) Эмитенттің құнды қағаздарымен сауда жүргізілетін негізгі рыноктар – сауданы ұйымдастырушылардың атауын қоса

Эмитенттің құнды қағаздарымен сауда жүргізілетін негізгі рыноктар – қазақстандық құнды қағаздар рыногі

8) Эмитент бұрын шығарған құнды қағаздардың әрбір түрі бойынша оның иелелеріне берілетін құқықтар

Эмитенттің жай және артықшылықты акциялары олардың иелеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және эмитенттің Жарғысында көзделген құқықтарды береді:

Жай акция акционерге дауысқа салынатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқын,

эмитентте таза табыс болған кезде дивидендтер алу, сондай-ақ қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алу құқын береді.

Артықшылықты акциялардың меншікті иелері-акционерлері – жай акциялардың меншікті иелері-акционерлерінің алдында эмитент жарғысында белгіленген алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивидендтерді, және де қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алуға артықшылықты құқы болады.

Облигация иелерінің, оның ішінде қамтамасыз етілген, мынадай құқықтары болады:

- Облигациялар шығарылымының анықтамалығында көзделген мерзімде атаулы құнды алуға;
 - Облигациялар шығарылымының анықтамалығында көзделген мерзімде облигациялар бойынша сыйақылар алуға;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығарылымының анықтамалығында көзделген тәртіппен ақпараттар алуға;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығарылымының анықтамалығында көзделген жағдайда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыруға;
 - Облигацияларды иеліктен шығаруға дұрысын айтқанда оларға билік етуге;
 - Қамтамасыз етілген облигациялар анықтамалығына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік мүлік құнына қанағаттануға;
 - Эмитенттің қамтамасыз етілген облигация иелерінің алдында міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін кепілдік мүліктің жағдайы туралы келісілген нысан бойынша ақпараттар алуына;
 - Қамтамасыз етілген облигация иелерінің өкіліне жазбаша түрде хат жазу арқылы эмитент туралы қажетті ақпаратты алуға;
 - Анықтамалыққа сәйкес жүргізілген кепілдік мүліктерді бақылау шараларының қорытындылары туралы ақпаратты Эмитенттен немесе Қамтамасыз етілген облигация иелерінің өкілінен дер кезінде алуға;
 - Эмитентке Қамтамасыз етілген облигация иелері өкілінің өз міндеттемелерін орындамағандығы немесе тиісті дәрежеде орындамағандығы туралы хабарлама жолдауға. Бұндай кезде эмитенттің Облигация иелерінің өкілін ауыстыруға құқы бар.
 - Облигацияға меншіктік құқынан туындайтын басқа да құқықтар.
5. Банктің екінші шығарылым облигацияларын шығару шарттарының II бөлімі, мынадай редакцияда жазылсын:

II БӨЛІМ. "ТЕМІРБАНК" АҚ-НЫҢ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

18. Аяқталған соңғы үш жылдағы және соңғы есеп күніндегі қаржылық есептер қоса беріліп отыр, соңғы есеп кезеңіндегі қаржылық есептілік аудитормен расталуы керек.

19. 2001 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша аудиторлық қорытындылар қоса беріліп отыр.

Тәуелсіз аудитор туралы ақпарат:

Н.М.Бәйтенов (біліктілік куәлігі № 0127, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің № 3 лицензиясы).

Аудиторлық компанияның атауы, орналасқан жері, лицензия берілген күн және оның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысу құқы берілген 1999 жылғы 21 қазандағы № 0000002 мемлекеттік лицензиясы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік қызметке

аудиторлық нөмірі: “Артур Андерсон” ААҚ, 480100, Алматы қ., Құрманғалиев к-сі, 8А, тенксеру жүргізу құқы берілген 1996 жылғы 11 қарашадағы № 1 лицензиясы.

6. Банктің екінші шығарылым облигацияларын шығару шарттарының III бөлімі, мынадай редакцияда жазылсын:

III БӨЛІМ. ОБЛИГАЦИЯНЫҢ АЛДАҒЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

20. Облигацияның шығарылымы туралы жалпы мәліметтер:

- а) шығарылымның жалпы көлемі және атаулы құны: шығарылымның жалпы көлемі 5.900.000 (бес миллион тоғыз жүз мың) АҚШ доллары, бір облигацияның атаулы құны - 100 (жүз) АҚШ доллары;
- б) шығарылатын облигация түрлері – атаулы купондық, купон түрі – жартыжылдық;
- в) шығарылатын облигациялардың жалпы саны: 59.000 (елу тоғыз мың) дана;
- г) облигациялардың айналымда болу мерзімі: айналым басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл, айналым басталған күн – облигация эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін;
- д) қамтамасыз етілмеген облигациялар бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілдері.

Шығарылатын облигациялар бағынышты борыш болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1997 жылғы 23 мамырдағы № 219 қаулысымен бекітілген пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес бағынышты қарыз – депозит болып табылмайтын банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемесі, банк таратылған жағдайда, банктің жазбаша ресімделген шартына сәйкес ең соңында (акционерлер арасында қалған мүлікті бөлер алдында) қанағаттандырылады.

Екінші деңгейдегі капиталға енгізілетін бағынышты борыштың кем дегенде 5 жыл алғашқы өтеу мерзімі болуы керек, сонымен қатар соңғы бес жыл ішіндегі әрбір жылы жеке капитал есебінен бағынышты борыштың алғашқы сомасының 20 % алынады.

д-1) Банк “А” санатындағы құнды қағаздардың ресми тізіміндегі құнды қағаздармен сауда ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі айналымға рұқсат берілген құнды қағаздар тізіміне облигацияларды кіргізуге ынта білдіреді;

е) орналастыру мерзімі: айналым басталған күннен бастап жеті жыл.

Қажетті қосымша ақпарат:

